

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңның жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 268 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21

-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 жылғы 9 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 1-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н ; » ;

2) 6-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өз араларында өзара өтелетін операцияларды есепке алмай, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын, Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының түсімдері мен шығыстарын біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры шоғырландырылған бюджет б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

3) 49-баптың 2-тармағының 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«4) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді және Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінде (шығыстар сметасында) тұратын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді және Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке салықтық емес басқа да түсімдер республикалық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып т а б ы л а д ы . » ;

4) мынадай мазмұндағы 52-1-баппен толықтырылсын:

«52-1-бап. Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорына түсетін түсімдер

1 . М ы н а л а р :

1) сот салатын тіркелген төлемдер;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 156 және 165-баптарында көзделген процестік міндеттерді орындамағаны және адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда, жәбірленуші, куә, маман,



сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 71-баптың алтыншы бөлігінің 22) тармақшасындағы «қарсылық білдіруге құқығы бар.» деген сөздер «қарсылық білдіруге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіге сәйкес мемлекеттік ақшалай өтемақы алуға өз құқығын білуге құқығы бар.»;

2) 173-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық қудалау органының қаулысымен жәбірленушілер болып танылған тұлғалардың Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде көзделген жағдайларда, тәртіппен, мөлшерлерде және мерзімдерде осы қордан мемлекеттік ақшалай өтемақыны толық не ішінара алуға құқығы бар.

Мемлекеттік өтемақыны алуға құқығы бар жәбірленушілердің санаты Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде айқындалады.»;

3) 401 - бапта :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жәбірленушіге мемлекеттік ақшалай өтемақы ретінде Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорынан төленген ақша қаражатын қайтару туралы сотталушыға қойылатын регрестік талаптар бойынша шешім қамтылуға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Айыптау үкімін шығарған кезде сот Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорына төленетін тіркелген төлем мөлшерін көрсетеді.»;

4) 673-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Кодекстің жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы 173-бабының ережелері жәбірленушілерге зиянды өтеуді төлеудің құқықтық негіздерін айқындайтын нормаларды қоспағанда, жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заң қолданысқа енгізілгеннен кейін қолданысқа енгізіледі. Жәбірленушілерге зиянды өтеуді төлеудің құқықтық негіздерін айқындайтын нормаларды қолданысқа енгізу тәртібі Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңда белгіленеді.».

**2-бап.** Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

*Президенті*